

Елбасы – кемеңгер көшбасшы


Атырау мен Алтайдың арасын алып жатқан ұлан-ғайыр даланы мекендеген қазақ ұлтының басынан небір нәубетті жылдар өтті. Сан ғасырлық тарихы бар дала қойнауында жүріп талай ұлт ұландары қазақтың көсегесінің көгеруі жолында аянбай еңбек етіп, тіпті қыршыннан қиылып, жанын да берді десе артық айтқанымыз емес.

Міне, сол күрес, сол алға ұмтылыстың негізгі түп-тамырындағы мақсат ұлттың болашағы, баянды тағдыры, елдің қамы тұрды. Осыншама күрестің, тарих тереңіне жұтылып кетпей алға ұмтылыстың өзінде талай қазақтың ұланы жанкешті күресті.

Соның барлығы да ел қамы үшін, елдің ешкімге жауаңдамай өз қолы өзіне жетіп, ешкімнің қол астында жауаңдамай өзге ұлттармен терезесі тең ел болуы үшін еді. Міне, сол арман, сол мүдде, сол бабалар мұраты болған Тәуелсіздікке жеттік. Ал Тәуелсіз ел болып қалу бар да, сол елдің тізгінін ұстап арбаны сындырмай, өгізді өлтірмей, ұлттың болашағын ойлай алатын ұлан елдің болашағын қолға алу керек болды.

Бүгінде Ұлт көшбасшысы ретінде танылып, бүкіл әлемге өзінің сарабдал саясатымен таныла алған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы сол тізгінді мықтап ұстай алған ұлт ұланы бола алды.

Ел болып еңсе түзегенімізге ширек ғасырдан асып кетті. Міне, осы жылдар аралығында қаншама қиын кезеңдер, қаншама ел тағдырына қатысты келелі шешімдер қабылданды. Соның барлығының басында Елбасының



көргенділігі мен, ұлты үшін мойнына алған жауапкершілігіне деген адалдығы тұрды.

Осы жылдар аралығында Қазақстан ауыз толтырып айта алатындай қаншама жетістікке қол жеткізді. Елдігімізді айқындап, тәуелсіздігімізді түгел елге жария ете алдық. Ата Заңымыз қабылданып кешегі өткен «Қасым ханның қасқа жолы» мен, «Есім ханның ескі жолынан» бастау алатын өз Заңымыз дүниеге келді.

Көрші елдермен арадағы шекарамызды айқындап, өз іргемізді бекітіп, қадамызды қаға алдық. Егемендіктері бар болса да, шекаралық мәселелері елі шешіле қоймаған қаншама ел елі де сол мәселенің шырмауын шеше алмай келеді емес пе? Күні кеше ғана, яғни осы 2020 жылдың күзінің басында сондай шешілмеген түйіннің кесірі өзге елдердің басына бір қара бұлт үйіріп барып сөйілді ғой.

Өзіміздің төл теңгеміз дүниеге келіп, жаңа әлемге жаңа Қазақстанды паш

ететін жаңа қала Нұр-Сұлтан салынды.

Ширек ғасырда мұндай жетістікке жете білу дегеніңіз үлкен қажырлы еңбек пен тізгін ұстаған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының еңбекқорлығы мен ұлт үшін қызмет ете алатын көшбасшылық қасиетін тағы бір айқындай түсетіні сөзсіз.

Бұл ізгілікті дүниелер, осы аталған істер бүгінде еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін жүректерін шымырлатып, ұлттық рух қалыптастыратын дүниелер. Себебі, бұл біздің ұлт екенімізді, біздің Қазақстан атты алып мемлекет екенімізді айқындайтын ең бір ұлы өзгерістер, жүрекке жақын жақсылықтар деп айтуға толық негіз бар. Ал осы ізгіліктердің барлығының басында ұлтын ұйыстыра білген Елбасымыздың сарабдал саясаты жатыр.

Нұрсұлтан Әбішұлы елімізді әлемге көпвекторлы саясат ұстанатын бейтарап мемлекет ретінде таныстырды. Еліміз ядролық қарудан ерікті түрде бас тартты. Көреген басшының бұл

қадамы талай елге үлгі болды десек артық айтқанымыз емес.

Ел тізгінін ұстай жүріп, қаншама кітаптар жазды. Бүгінде әлемнің түкпір-түкпіріндегі елдерде бірнеше білтеге аударылып, әлем студенттеріне тағы бір саяси тұлғаның өмірлік тәжірибесінен үлгі алуға көмектесуде.

12-қарашада Чехиядағы Қазақстан Елшілігінде, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасымен, сондай-ақ Назарбаев Университетінің кітапханасымен бірге Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың чех тіліне аударылған «Ой бөлістім халқыммен» кітабының тұсаукесері өтті. Бұл білікті басшының, тізгін ұстай алатын Ұлт көшбасшысының шынында да кемеңгер екенін білдіреді.

Саясаттың қазанында қайнап, ұлты үшін басын бөйгеге тігіп Тәуелсіз Қазақстанды сақтап қалу мен қатар, дамыту көркейту жолында еңбек еткен Ұлт көшбасшысының тағы бір көргенділігі мен бүкіл әлемді таң қалдырған қадамы өзінің Президенттік орнын өз еркімен босатып беріп, жаңа мүмкіндіктерге, жаңа бастамаларға құлшына кірісуі еді.

Міне, бұл нағыз көшбасшыға ғана тән қасиет болса керек!

З.Б.Кабылбекова
М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің
«Психология және арнайы педагогика»
кафедрасының меңгерушісі
п.ғ.д., профессор

С.К.Каракпаева
«Психология және арнайы педагогика»
Кафедрасының п.ғ.к., оқытушы